


№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Әкелер кеңесінің» жұмыс жоспары.



Қоңыртөбе ауылы

Әкелер кеңесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Мектеп Әкелер кеңесінің ережесі ҚР «Білім беру» Заңы, ҚР «Бала құқығы» Заңы, ҚР «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» Заңдарын негізге ала отырып жасалды.

1.2. Әкелер кеңесі қызметі Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті-құқықтық актілерімен іске асады.

1.3. Әкелер кеңесі мектептің ата-аналар жиналысының бөлімі болып табылады.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Әкелер кеңесін құрудың мақсаты отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.

2.2. Өз қызметінде Әкелер кеңесі келесі міндеттерді шешеді:

2.2.1. Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету.

2.2.2. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау

2.2.3. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

3. Әкелер кеңесінің құзіреті

3.1 Әкелер кеңесі құзіретіне кіреді:

- оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында қоғамдық бақылауды ұйымдастыру;
- өмірлік қиын жағдайға тап болған ата-аналармен, оқушылармен қоғамға жат әрекеттер мен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсініктеме жүргізу;
- педагог қызметкерлерге ішімдікке, темекі тартуға, қоғамға қарсы жат мінез құлықтар көрсетудің алдын алу шараларын ұйымдастыруда көмек көрсету;
- кеңеске жергілікті басқару мекемесінен, қоғамдық ұйымдардан өкіл, жеке кәсіпкерлерді, бұқаралық ақпарат қызметкерлерін шақыру;

4. Әкелер кеңесінің құқығы мен жауапкершілігі

4.1. Әкелер кеңесінің құқығы:

- жасөспірімдердің қоғамға қарсы әрекеттерімен, қиын отбасылармен жұмыс істеуге, шешімдер шығаруға;
- жасөспірімдердің құқығы мен заңды қызығушылықтарын қорғауда өз көзқарастарын кіргізе алады;
- жасөспірімдерді қоғамға жат мінез құлық көрсетуге, құқық бұзуға тартатын ұйымдарды, жеке адамдарды жауапкершілікке тарту мақсатында мемлекеттік орындарға шағым жасауға;
- сұрақтарға жауап беру үшін әкелер кеңесі құқық қорғау қызметкерлері, қамқоршы және қорғаншы орындарынан сұрақтарға жауап беру үшін қызметкерлер шақыра алады;
- әкелер кеңесі қабылдаған шешіммен барлық қызығушы адамдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы мекемелер таныса алады.

5. Әкелер кеңесі мүшелері

5.1. Әкелер кеңесі мүшесі болып ата-аналар ұсынған (заңды өкілдері) әкелер бола алады.

5.2. Әкелер кеңесі шақыруымен әкелер кеңесі жұмыстарына жергілікті өзін-өзі басқару мекемелері, ОВД инспекторы, қамқоршылық бөлімінен қызметкерлер қатыса алады.

5.3. Әкелер кеңесінде дауысты тек әкелер кеңесі мүшелері, инспекторы, қамқоршылық бөлімі өкілі бере алады.

5.4. Отырысты бірінші жиналыста көп дауысқа ие болып сайланған председатель жүргізеді.

5.5. Хаттама жазу үшін кеңес мүшелері ішінен хатшы сайланады.

6. Әкелер кеңесі жұмысын ұйымдастыру және жүргізу

6.1. Әкелер кеңесі отырысы жиыдық жоспар бойынша өткізіледі немесе кезектен тыс мәселелерді шешуде жылына 2-ден кем емес.

6.2. Әкелер кеңесі мүшелері мектеп бұйрығымен бекітіледі.

6.3. Әкелер кеңесі отырысы мүшелерінің $\frac{2}{3}$ бөлігі жиналғанда өкілетті болып табылады.

6.4. Әкелер кеңесі шешімін мүшелерінің 50 пайызы дауыс берілгенде қабылданады.

6.5. Әкелер кеңесі хаттамамен рәсімделеді, онда уақыты, қанша адам жиналғаны және қаралған мәселелер көрсетіледі

6.6. Әкелер кеңесі отырысының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды.

ТУРКИСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ
«№ 49 «ҚОҢЫРТӨБЕ»
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННО
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА № 49 «КОНЫРТӨБЕ»»
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

160921 Түркістан облысы
Келес ауданы, Қоңыртөбе ауылы
тел: 7-82-01.

Бұйрық

№ 118

160921 Туркестанская область
Келесский район, село Кыныртөбе

Приказ

31.08.2023ж

«Мектепте түрлі комиссиялар,
кеңестер, үйірмелер құру туралы»

§7

«Әкелер кеңесін
құру туралы»


Мектепте 2023-2024 оқу жылында төмендегіше әкелер кеңесі
құрылып бекітілсін.

Төрағасы Шалабаев Е
Мүшелері: Жарылкасынов А
Санев Ж

Негізі: 31.08.2023 жылғы педагогикалық кеңес шешімі

Мектеп директоры:

Н.Ерсейтов



«Бекітемін»

Мектеп директоры:  Н.Ерсейтов

«Қоңыртөбе» жалпы орта білім беретін мектебі бойынша

«Ұлағат» әкелер кеңесінің жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Ұлағат» әкелер кеңесінің жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Әкелер кеңесінің төрағасы: Шалабаев Е
2	Әкелер кеңесі мәжілісін өткізу.	Тоқсанына 1 рет	Әкелер кеңесі мүшелері
3	Жалпы мектепшілік іс-шаралар кезінде ерікті жасақтың кезекшілігін ұйымдастыру.	Мектеп жоспары бойынша	Әкелер кеңесі мүшелері
4	Оқушыларды тәрбиелеу мәселелері бойынша әкімшілік жиналыстарға қатысу.	Әр жұма сайын	Әкімшілік, әкелер кеңесі мүшелері
5	Кешкі уақытта мұғалімдермен бірлескен рейдтер жүргізу.	Кесте бойынша	ДТЖО Психолог сынып. жет. Ата-аналар комитетті, әкелер кеңесі мүшелері
6	Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру рейдтері	Айына 1 рет	Әкелер кеңесі мүшелері
7	«Сәтсіз» отбасыларды; мектепшілік есепте тұрған оқушылармен құқық бұзушылықтардың алдын-алу жөніндегі әңгімелер жүргізіп, балалардың отбасын аралау.	Жыл бойы	Әкімшілік, әкелер кеңесі мүшелері
8	Мектеп ережесін бұзушы балалармен алдын-алу жұмыстары.	Уақытында	Әкелер кеңесі мүшелері
9	Ер балалармен темекі шегудің, ішімдіктің, нашақорлықтың зияны туралы алдын-алу әңгімелері (мамандармен кездесу)	Жыл бойы	Әкелер кеңесі мүшелері
10	Оқушылардың денсаулықтарын сақтау жұмыстарына ықпал ету, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына тарту.	Спорттық іс-шаралар жоспары бойынша	Әкелер кеңесі мүшелері
11	Өртүрлі жалпы мектепшілік шараларды ұйымдастыру мен өткізуге көмек жасау.	Жыл бойы	Әкелер кеңесі мүшелері
12	«Жыл ата-ана» байқауы	Қараша	ДТЖО Ата-аналар, әкелер комитетті.
13	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында кеш ұйымдастыру.	Қаңтар	Әкелер кеңесі мүшелері
14	«Ана алақанының аясы, ақ шынардың саясы» мерекелік кеш	Наурыз	Әкелер кеңесі.
15	«Баламның болашақ мамандығы» педагогикалық-психологиялық кеңес		Әкелер кеңесінің төрағасы: ---
16	7-9 мамыр мерекелерін ұйымдастыру.	Мамыр	Әкелер кеңесінің мүшелері

Әкелер кеңесінің төрағасы:

Шалабаев Е

**№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта мектебінің
жалпы ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №3**

12.09.2023 жыл

Қатысушылар саны-42

Қоңыртөбе ауылы

Күн тәртібінде:

1. Балаларына тәрбие берудегі ата-аналарға қойылатын талаптардың орындалуы туралы /Айтқұлов Д./.
2. Сабақтан себебсіз қалу жағдайының бала психологиясына әсері /Аширбаев Ж./
3. «Әкелер кеңесі» ұйымын құру және құрамын сайлау

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айтқұлов Даурен балаға тәрбие берудегі ата-аналарға қойылатын талаптардың орындалуы жағдайы туралы айтып, өтті. Сонымен бірге мектепте 10-11 сынып оқушыларына құқықтық оқу өткізіліп, оған арнайы мұғалім бекітілгенін айтты. Сонымен қоса құқықтық үйірме жұмыс жасап жатқанын, сыныптарда тәрбие сағаты есебінен сынып жетекшілері арнайы сабақтар өткізіліп жатқанын айтты. Мектеп оқушыларының түрлі конкурстары өткізіліп жатқандығын айтты.

Екінші мәселеге көшкенде мектеп психологы Аширбаев Жеңіс сабақтан себебсіз қалудың бала психологиясына әсері туралы айтып өтті. Онда түрлі тест әдістері, сұрақ жауаптар алып ондағы қорытындыларын атады.

Оқушылардың құқықбұзушылығын алдын алу және оладың әлеуметтік қорғалуы туралы баяндаманы әлеуметтік педагог Жарылкасинов А. жасады. Онда 25 оқушы әлеуметтік қамқорлықтағы, оларға білім қорынан түрлі киімкешектер мен ыстық тамақпен қамтылғандығы айтылды.

Үшінші мәселеге көшкенде мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айтқұлов Даурен сөзге шығып, ата-аналар арасында «әкелер мектебі» ұйымын құру және құрамын сайлау керек екендігі айтылды. «Әкелер кеңесінің» төрағасы болып Медеуов Бағдаулет, «Әкелер кеңесінің» орынбасары Боранбаев Рахым, Жарылкасинов Абдисалан, Кеншінбаев Бауыржан. «Әкелер кеңесінің» хатшысы Ашир Айбек болы сайланды.

Осы мәселелерді ата-аналар жиналысында тыңдай және талқылай келе төмендегідей шешім қабылданды:

ШЕШІМІ:

1. Оқушыларға бос уақытын мағыналы өткізу үшін үйірмелер мен секциялардың жұмысы одан әрі жандандырылып жұмыс жүргізілсін. Оқушыларды сабақтан себебсіз қалдырылмасын.
2. Әлеуметтік қамқорлықтағы балалардың әлеуметтік жағдайына жасалған қамқорлықтар әрі қарай жалғастырылсын.
3. «Әкелер кеңесі» ұйымы жасалды, әрі қарай жұмысы жалғастырылсын.